

Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 221/25-VI шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2018 жылғы 4 қаңтарда № 1149 болып тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 3 қазандағы № 84/10-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 03.10.2023 № 84/10-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 23.11.2022 № 268/34-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексі 55-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 6-бабының 2-3-тармағына, "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 8-бабы 3) тармақшасына, "Ардагерлер туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 10, 11, 12, 13-баптарына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 10.03.2021 № 13/2-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 12.04.2023 № 16/2-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

1. Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы (бұдан әрі – Қағида) 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 23.11.2022 № 268/34-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. 2-қосымшаға сәйкес Астана қаласы мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім әділет орғандарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы

В. Досаев

Астана қаласы
мәслихатының хатшысы

Ж. Нұрпейісов

"КЕЛІСІЛДІ"

"Астана қаласының Білім
басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің (ББ) басшысы

Ә. Жангозин

"Астана қаласының Денсаулық
сақтау басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің (ДСБ) басшысы

Қ. Надыров

"Астана қаласының Жұмыспен қамту,
еңбек және әлеуметтік қорғау
басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің (ЖҚЕӘҚБ) басшысы

Е. Оспанов

Астана қаласы мәслихатының
2017 жылғы 12 желтоқсандағы
№ 221/25-VI шешіміне
1-қосымша

Ескерту. Қағиданың атауында және бүкіл мәтін бойынша "Астана" деген сөз "Нұр-Сұлтан" деген сөзбен ауыстырылды - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 30.05.2019 № 385/50-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 23.11.2022 № 268/34-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Осы Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4

желтоқсандағы Бюджет кодексі 55-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 6-бабының 2-3-тармағына, "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 8-бабы 3) тармақшасына, "Ардагерлер туралы" 2020 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 10, 11, 12, 13-баптарына, "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес әзірленді.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 10.03.2021 № 13/2-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидада мынадай ұғымдар қолданылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлікке құқықтарды оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек көрсетуге үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша Астана қаласы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) ата-аналарының (ата-анасының) қамқорлығынсыз қалған бала (балалар) – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, хабарсыз кеткен деп танылуына, қайтыс болған деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектелген деп танылуына, бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, бала тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде баланы тәрбиелеу немесе

медициналық ұйымнан алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-ана қамқоршылығы болмаған және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өз құқықтары мен мүдделерінің қажетті қорғалуын қамтамасыз етуге мұқтаж болған өзге де жағдайларда жалғыз ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынан айрылған бала (балалар);

4) атаулы күндер – жалпы халықтық тарихи, рухани және мәдени маңызы бар және Қазақстан Республикасы тарихының барысына ықпал еткен оқиғалар;

5) әлеуметтік көмек – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар) өмірлік қиын жағдай туындаған жағдайда, сондай-ақ осы Қағидада белгіленген тәртіпте атаулы күндер мен мереке күндеріне ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек;

6) Әлеуметтік төлемдер орталығы – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамның әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыздандыру қызметін үйлестіру жөніндегі орталық филиалы;

7) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері – "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында аталған адамдар;

8) ең төмен күнкөріс деңгейі – Астана қаласының статистика органы есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс;

9) еңбек ардагерлері – "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 7-бабының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында аталған адамдар;

10) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер – "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында аталған адамдар;

11) жетім бала (жетім балалар) – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз анасы (әкесі) қайтыс болған бала (балалар);

12) көп балалы аналар – "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көп балалы аналар;

13) көп балалы отбасылар – құрамында бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған баласы, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар отбасылар;

14) мерекелік күндер – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері, сондай-ақ БҰҰ және өзге де халықаралық ұйымдармен құрылтайшылық етілген халықаралық мерекелер және күндер;

15) мүгедектігі бар бала (мүгедектігі бар балалар) – тұрмыс-тіршілігінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын, ауруларға, мертігулерге (жаралануға, жарақаттарға, контузияларға), олардың зардаптарына, кемістіктерге байланысты организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы нашарлаған он сегіз жасқа дейінгі адам;

16) отбасының (азаматтың) жан басына шаққандағы орташа табысы – отбасының жиынтық табысының айына отбасының әрбір мүшесіне келетін үлесі;

17) өмірдегі қиын жағдай – азаматтың тыныс-тіршілігін объективті түрде бұзатын, ол өз бетінше еңсере алмайтын ахуал;

18) табысы аз адамдар (отбасылар) – жан басына шаққандағы орташа айлық табысы Астана қаласында белгіленген кедейлік шегінен төмен адамдар (отбасылар);

19) учаскелік комиссия – белгіленген шегінен аспайтын орташа жан басына шаққандағы табысының болуы негізі бойынша әлеуметтік көмек алуға өтініш білдірген адамдардың (отбасылардың) материалдық жағдайына тексеру жүргізу және қорытындылар дайындау үшін Астана қаласы аудандары әкімдерінің шешімімен құрылатын комиссия;

20) Ұлы Отан соғысының ардагерлері – "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабында аталған адамдар.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 23.11.2022 № 268/34-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі, мөлшері және түрлері, сондай-ақ алушылар санаттарының тізбесі осы Қағидамен белгіленеді.

3. Әлеуметтік көмек Астана қаласында тіркелген және тұрақты тұратын азаматтарға ұсынылады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 23.11.2022 № 268/34-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4. Астана қаласының бюджеті әлеуметтік көмекті қаржыландыру көзі болып табылады.

Әлеуметтік көмек "Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдер" бюджеттік бағдарламасы бойынша әкімшісі "Астана қаласының Жұмыспен қамту және

әлеуметтік қорғау басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – әкімші) болып табылатын тиісті қаржы жылына Астана қаласының бюджетінде осы мақсаттарға көзделген қаражат шегінде ұсынылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 23.11.2022 № 268/34-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

5. Ақшалай нысандағы әлеуметтік көмек екінші деңгейдегі банктер, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері арқылы алушылардың шоттарына ақшалай қаражат аудару жолымен көрсетіледі.

6. Заттай нысандағы әлеуметтік көмек Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жеткізушілерді (бұдан әрі – жеткізушілер) әкімші анықтайтын қызмет көрсету арқылы ұсынылады.

7. Әлеуметтік көмек алушылардың санаттары туралы мәліметтерді әкімшімен Әлеуметтік төлемдер орталығында, сондай-ақ осындай мәліметтерге ие қаланың басқа да ұйымдарында сұралады.

8. Өтініш беруші толық емес және (немесе) дәйексіз мәліметтерді ұсынған, сондай-ақ өтініш беруші арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін мемлекеттік ұйымдарда тұратын жағдайда әлеуметтік көмек тағайындалмайды.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 30.05.2019 № 385/50-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

9. Әлеуметтік көмек:

- 1) алушы қайтыс болған;
- 2) алушы Астана қаласының шегінен тыс тұрақты тұруға кеткен;
- 3) алушы мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберген;
- 4) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайларда

тоқтатылады.

Әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген мән-жайлар туындаған айдан бастап тоқтатылады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 23.11.2022 № 268/34-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

10. Азаматтардың дәйексіз мәлімет беру салдарынан артық және (немесе) заңсыз төленген сомасын өндіріп алу Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

11. Әлеуметтік көмек көрсету мониторингі мен есепке алуды әкімші "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дерек қорын пайдалана отырып жүргізеді.

12. Әлеуметтік көмекті көрсету үшін қажетті құжаттарды ұсыну әкімшіде қолжетімділік бар ақпараттық жүйелерден ақпаратты алу мүмкіндігі болғанда талап етілмейді.

2-бөлім. Әлеуметтік көмек алуға құқығы бар алушылардың санаттары

13. Әлеуметтік көмек алуға құқығы бар алушылардың санаттарына:

- 1) Ұлы Отан соғысының ардагерлері;
- 2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері;
- 3) жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер;
- 4) еңбек ардагерлері;
- 5) "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 8-бабының 1), 2), 3) тармақшаларында аталған адамдар (бұдан әрі – басқа да адамдар);
- 6) зейнеткерлік жастағы адамдар, оның ішінде жасы бойынша зейнеткерлер, зейнеткерлік жасқа жеткен жасына байланысты және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылар;
- 7) мүгедектігі бар адамдар, оның ішінде он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар;
- 8) мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған отбасылар;
- 9) саяси қуғын-сүргін құрбандары, саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдар;
- 10) көп балалы отбасылар, көп балалы аналар;
- 11) жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, балалар үйлерінің түлектері;
- 12) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын табысы аз адамдар (бұдан әрі – табысы аз азаматтар);
- 13) әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын адамдар;
- 14) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар;
- 15) пробация қызметінің есебінде тұрған тұлғалар;
- 16) табиғи зілзала немесе өрт салдарынан зардап шеккен азаматтар жатады;
- 17) зейнеткерлер және аймақтар бойынша ядролық сынақтардан келтірілген залал үшін біржолғы өтемақы алушылар ішінен Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккендер азаматтар.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 24.11.2021 № 105/15-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 23.11.2022 № 268/34-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

3-бөлім. Мерекелік және айтулы күндерге әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

14. Мерекелік және айтулы күндерге әлеуметтік көмек 2,5 айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) көлеміндегі ақшалай төлемдер түрінде азаматтардың мына санаттарына беріледі:

4 ақпанда (Бүкіләлемдік қатерлі ісікке қарсы күн) – қатерлі ісіктері бар балалар ішінен әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын адамдарға;

8 наурызда (Халықаралық әйелдер күні) – оның ішінде табысы аз азаматтар болып табылатын, көп балалы отбасыларға, көп балалы аналарға;

21-23 наурызда (Наурыз мейрамы) – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

7 мамырда (Отан қорғаушылар күні) – Қазақстан Республикасының алдында ерекше еңбегі үшін зейнетақы алушылар ішінен зейнеткерлік жастағы адамдарға;

31 мамырда (Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні) – мүгедектігі бар немесе зейнеткерлер болып табылатын саяси қуғын-сүргін құрбандарына, саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккен адамдарға;

1 маусымда (Балаларды қорғау күні) – жетім балаларға;

30 тамыз (Қазақстан Республикасының Конституциясы күні) – зейнеткерлер және аймақтар бойынша ядролық сынақтардан келтірілген залал үшін біржолғы өтемақы алушылар ішінен Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккендер азаматтарға;

1 қазанда (Қарттар күні) – жасы бойынша зейнеткерлерге және ең төмен мөлшердегі зейнетақы алушылар ішінен зейнеткерлік жастағы адамдарға;

казан айының екінші жексенбісінде "(Мүгедектігі бар адамдар күні) – мүгедектігі бар адамдарға және он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға;

1 желтоқсан (Бүкіләлемдік ЖҚТБ-мен күрес күні) – адамның иммун тапшылығы вирусы туғызатын ауруынан зардап шеккен адамдар, оның ішінде адамның иммун тапшылығы вирусын тасымалдаушылар ішінен әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын азаматтарға;

16 желтоқсан (Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні) – Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысып, Қазақстан Республикасының "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Заңында белгіленген тәртіпке сәйкес ақталған тұлғалар ішінен саяси қуғын-сүргін құрбандарына.

Ескерту. 14-тармақ жана редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 24.11.2021 № 105/15-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 23.11.2022 № 268/34-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

15. 45 АЕК мөлшерінде әлеуметтік көмек:

15 ақпанда (Ауғанстаннан Кеңестің шектеулі әскери контингентін шығару күні) – Ауғанстандағы ұрыс қимылдарына қатысушылар қатарындағы жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне;"

26 сәуірде (Чернобыль атом электр станциясы апатының құрбандарын еске алу күні) – Чернобыль атом электр станциясы апатының зардаптарын жоюға қатысушы тұлғалар ішінен жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге, сондай-ақ басқа да адамдарға беріледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 12.04.2023 № 16/2-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 09.08.2023 № 65/7-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

16. 9 мамырға (Жеңіс күні) әлеуметтік көмек мына санаттағы азаматтарға көрсетіледі:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне – 67 АЕК;

жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге (осы Қағиданың 15-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда) – 35 АЕК;

басқа мемлекеттердің аумағындағы соғыс қимылдарының ардагерлеріне (осы Қағиданың 15-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда) – 35 АЕК;

басқа адамдарға, еңбек ардагерлеріне – 11 АЕК.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 25.05.2022 № 178/25-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) шешімімен.

17. 25 қазан (Республика күні) күніне табысы аз азаматтарға 4,5 АЕК мөлшерінде ұсынылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 12.04.2023 № 16/2-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

18. Әкімші әлеуметтік көмек алушылардан өтініштерді талап етпей, көрсетілген санаттарға жататын адамдардың тізімін қалыптастырады:

тиісті негіздер азаматтардың Әлеуметтік төлемдер орталығының зейнетақы, арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны алуы туралы мәліметтері, "Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы мәліметтері, "Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі –

Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы) әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын адамдар туралы мәліметтері, сондай-ақ табысы аз азаматтарға әлеуметтік төлемдерді тағайындау туралы өздерінің мәліметтері негізінде осы Қағиданың 14, 15, 16-тармақтарында;

Астана қаласы әкімдігінің "ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес орталығы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі – "ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес орталығы" МКҚК), Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мәліметтері негізінде осы Қағиданың 50, 50-1 –тармақтарында.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 23.11.2022 № 268/34-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

19. Осы Қағиданың 14, 15, 16, 17-тармақтарында көрсетілген санаттарға жататын азаматтар үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек жылына бір рет көрсетіледі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 28.04.2020 № 485/63-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

4-бөлім. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек көрсету тәртібі 1-тарау. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек тағайындау бойынша жалпы ережелер

20. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде азаматтарды мұқтаждар санаттарына жатқызу үшін мыналар:

1) осы Қағиданың 33-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;

2) табиғи зілзаның немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіруі;

3) әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

4) белгіленген шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы негіздеме болып табылады.

21. Әлеуметтік көмек осы Қағиданың 20-тармағында көзделген негіздер бойынша әлеуметтік көмек көрсетудің барлық кезеңіне бір рет тағайындалады.

22. Өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ұсынылған мәліметтердің дәйектілігіне жауапты болады.

23. Өтініші берушінің қажетті құжаттарды олардың бүлінуіне, жоғалуына байланысты ұсынуға мүмкіндігі болмаған жағдайда, әкімші тиісті мәліметтерді қамтитын өзге уәкілетті органдар мен ұйымдардың деректері негізінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

24. Өмірлік қиын жағдай туындаған кезде әлеуметтік көмек тек осыған ұқсас ақшалай төлемдерді ұсыну, қызметтерді немесе өзге де өтеулерді көрсету үшін негіздер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіпте болмаған жағдайда ұсынылады.

25. Осы Қағиданың 20-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіздер бойынша әлеуметтік көмекті көрсету кезінде әкімші өтініш берушінің құжаттарын адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін учаскелік комиссияға жолдайды.

26. Учаскелік комиссия өтініш берушіге тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша осы Қағидаға 1, 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша адамның (отбасының) материалдық жағдайы туралы акті жасайды, адамның (отбасының) әлеуметтік көмекке мұқтаждығы туралы қорытынды дайындайды және әкімшіге жолдайды.

27. Әкімші адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысын есептеуді жүргізеді және қарауға құжаттардың толық пакетін арнайы комиссияның қарауына ұсынады.

28. Арнайы комиссия көлемін көрсете отырып, әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі жөнінде қорытынды шығарады.

29. Осы Қағиданың 20-тармағында көзделген барлық негіздер бойынша әлеуметтік көмекті көрсету кезінде әкімші өтініш берушінің құжаттарын тіркеген күннен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттілігі туралы қорытындысының негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Осы Қағиданың 23-тармағында көрсетілген жағдайда әкімші өтініш берушіден құжаттарды қабылдаған күннен бастап жиырма жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

30. Әкімші шешім қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы (бас тартқан жағдайда – негіздемесін көрсете отырып) өтініш берушіні жазбаша хабардар етеді.

31. Осы Қағиданың 20-тармағында көрсетілген өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек жылына бір рет көрсетіледі.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 28.04.2020 № 485/63-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

32. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту өтініш беруші ұсынған мәліметтердің толық емес, дәйексіздігі анықталған жағдайда жүзеге асырылады, ал Қағиданың 20-тармағының 4) тармақшасында көзделген негіздер бойынша әлеуметтік көмекті көрсету кезінде:

өтініш беруші адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден бас тартқан, жалтарған;

адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін белгіленген шектен артқан жағдайларда жүзеге асырылады.

2-тарау. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша әлеуметтік көмек

33. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтар деп "Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес:

жасының егде тартуына байланысты, ауруы және (немесе) мүгедектігі салдарынан өзіне-өзі күтім жасай алмауы бар (осы Қағиданың 13-тармағы 6) тармақшасында көрсетілген үнемі бөгде адамның күтіміне мұқтаж азаматтар);

дене және (немесе) ақыл-ой мүмкіндіктеріне байланысты организм функцияларының тұрақты бұзылуы бар (осы Қағиданың 13-тармағы 7) тармақшасында көрсетілген азаматтар);

әлеуметтік мәні бар аурулардың және айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың салдарынан тыныс-тіршілігінің шектелуі бар (осы Қағиданың 13-тармағы 13) тармақшасында көрсетілген азаматтар);

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған (осы Қағиданың 13-тармағы 14) тармақшасында көрсетілген азаматтар);

пробация қызметінің есебінде тұрған (осы Қағиданың 13-тармағы 15) тармақшасында көрсетілген азаматтар) азаматтар танылады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 24.11.2021 № 105/15-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

34. Осы тараудың шеңберінде әлеуметтік көмек ақшалай төлем түрінде ұсынылады және медициналық көрсеткіштерге сәйкес медициналық қызметтерді алу, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, дәрілік заттарды жедел сатып алу үшін қаржылық қаражаттың аса қажеттілігін жоюға арналған.

35. Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасы атынан әкімшіге мына құжаттарды қоса отырып өтініш береді:

1) жеке басты куәландыратын құжат;

2) өмірлік қиын жағдайдың туындағанын растайтын акт және/немесе құжат, оның ішінде өмірлік қиын жағдайға байланысты адамның болған шығындарын растайтын құжаттар (бақылау-касса машинасының чектердің көшірмелері, рецептер, медициналық қызметтерді көрсетуге арналған шарт және тағы басқа);

3) екінші деңгейдегі банктегі не "Қазпошта" акционерлік қоғамындағы банк шотының нөмірі туралы мәліметтер.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 10.03.2021 № 13/2-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 06.05.2021 № 36/5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді); 24.11.2021 № 105/15-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

36. Салыстырып тексеру үшін құжаттардың төлнұсқалары ұсынылады, содан кейін құжаттардың төлнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 10.03.2021 № 13/2-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

37. Әлеуметтік көмектің көлемі 20 АЕК аспайтын өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты өтініш берушінің нақты шығындарының негізінде анықталады.

Ескерту. 37-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 12.04.2023 № 16/2-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

38. Әлеуметтік көмекті тағайындауға хабарласқан азаматтардың өтініштерін әкімші көрсетілген өмірлік қиын жағдай туындаған күннен бастап үш айдан кешіктірмей қарастырады.

3-тарау. Табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру негіздері бойынша әлеуметтік көмек

39. Табиғи зілзала немесе өрт салдарынан зардап шеккен азаматтарға әлеуметтік көмек ақшалай төлем түрінде мына мөлшерде:

жалғыз болып табылатын тұрғын үйге елеулі зиян келтірілген, бүлінген, жойылған жағдайда отбасына 400 АЕК;

отбасы мүшелері қайтыс болғанда – қаза болған адамға 150 АЕК мөлшерінде ұсынылады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 25.05.2022 № 178/25-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) шешімімен.

40. Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасы атынан әкімшіге мына құжаттарды қоса отырып өтініш береді:

- 1) жеке басты куәландыратын құжат;
- 2) табиғи зілзала немесе өрт фактісі мен келтірілген зиянның дәрежесін растайтын құжаттар;
- 3) өтініш берушіге жоғалған, бүлінген тұрғын үйдің тиесілігін растайтын құжаттар;

жеке меншік құқығында тиесілігіе - жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтарының болмауы (болуы) жөніндегі анықтама және құқық беретін құжаттың көшірмесі;

өзге де заңды негіздерде тұрып жатқандар үшін - тұрғын үйді ұстау бойынша меншік иесі белгіленген міндеттемемен тұру құқығына құжаттың көшірмесі;

4) қаза болған жағдайда – отбасы мүшесінің қайтыс болу фактісін және оған қатысты туыстығын растайтын құжаттар;

5) екінші деңгейдегі банктегі не "Қазпошта" акционерлік қоғамындағы банк шотының нөмірі туралы мәліметтер.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 10.03.2021 № 13/2-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 06.05.2021 № 36/5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) шешімдерімен.

41. Салыстырып тексеру үшін құжаттардың төлнұсқалары ұсынылады, содан кейін құжаттардың төлнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 10.03.2021 № 13/2-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

42. Әкімші табиғи зілзала немесе өрт жағдайы пайда болған күннен бастап үш айдан кешіктірмей әлеуметтік көмек алуға келіп түскен өтініштерді қарайды.

4-тарау.

Әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы негізінде және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға әлеуметтік көмек

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 25.05.2022 № 178/25-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) шешімімен.

43. Әлеуметтік мәні бар ауру – туберкулез бойынша әлеуметтік көмек белсенді туберкулезбен ауыратын азаматтарға Астана қаласы әкімдігінің "Астана қаласының Туберкулезге қарсы диспансері" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнында (бұдан әрі – Туберкулезге қарсы диспансер) диспансерлік есепте тұрған және амбулаторлық емделудегі азаматтарға 10 АЕК ай сайынғы ақша төлемдері түрінде ұсынылады.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 23.11.2022 № 268/34-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

44. Әлеуметтік көмек көрсету үшін негіздеме төмендегі құжаттарды қоса отыра ай сайын Туберкулезге қарсы диспансері ұсынатын, осы Қағиданың 43-тармағында көрсетілген азаматтардың тізімі (бұдан әрі – тізім) болып табылады:

1) осы Қағиданың 43-тармағында көрсетілген азаматтардың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2) екінші деңгейдегі банктегі не "Қазпошта" акционерлік қоғамындағы банк шотының нөмірі туралы мәліметтер.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 10.03.2021 № 13/2-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

45. Алып тасталды - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 30.05.2019 № 385/50-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

46. Алып тасталды - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 30.05.2019 № 385/50-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

47. Алып тасталды - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 30.05.2019 № 385/50-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

48. Алып тасталды - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 30.05.2019 № 385/50-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

49. Алып тасталды - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 30.05.2019 № 385/50-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

50. 25 АЕК мөлшеріндегі ай сайынғы ақшалай төлем түрінде әлеуметтік көмек әлеуметтік мәні бар аурулар бойынша:

адамның иммунтапшылығы вирусы туғызатын ауру, оның ішінде адамның иммунтапшылығы вирусын тасымалдаушы – "ЖҚТБ-ны алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталық" МКҚК диспансерлік есепте тұрған он сегіз жасқа дейінгі балаларға;

қатерлі ісіктер – қаланың медициналық ұйымдарында диспансерлік есепте тұрған он сегіз жасқа дейінгі балаларға тиісті ауруы бойынша ұсынылады.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 26.08.2020 № 530/71-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

50-1. 5 АЕК мөлшеріндегі тоқсан сайынғы ақшалай төлем түрінде әлеуметтік көмек әлеуметтік мәні бар аурулар бойынша адамның иммунтапшылығы вирусы туғызатын ауру, оның ішінде адамның иммунтапшылығы вирусын

тасымалдаушы – "ЖҚТБ-ны алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталық " МКҚК диспансерлік есепте тұрған он сегіз жасқа толған адамдарға.

Ескерту. Қағида 50-1-тармақпен толықтырылды - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 26.08.2020 № 530/71-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

50-2. Әлеуметтік көмек бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға босатылғаны туралы анықтаманы ұсына отырып, өтініш бойынша босатылғаннан кейін алты айдан кешіктірмей, бір рет 15 АЕК мөлшерінде көрсетіледі және қайта ұсынылмайды.

Ескерту. Қағида 50-2-тармақпен толықтырылды - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 25.05.2022 № 178/25-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) шешімімен.

51. Осы Қағиданың 43, 50, 50-1-тармақтарына сәйкес ұсынылатын әлеуметтік мәні бар аурулардан зардап шегетін азаматтар және 50-2-тармағында көрсетілген бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар туралы мәліметтер әкімшінің қызметкерлерінің жариялауына жатпайды.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 25.05.2022 № 178/25-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) шешімімен.

5-тарау. Белгіленген шегінен аспайтын жан басына шаққандағы табысының болуы негізі бойынша әлеуметтік көмек §1. Табысты есепке алусыз әлеуметтік көмек

52. Әлеуметтік көмек мына тегін қызметтер және ақшалай төлемдер түрінде табысын есепке алусыз азаматтардың мына жекелеген санаттарына:

1) тісті протездеу:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге;

мүгедектігі бар адамдарға;

жасы бойынша зейнеткерлерге;

табысы аз азаматтардың ішінен көп балалы аналар, көп балалы отбасыларға (аналарға);

мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған отбасыларға (ата-аналардың біреуіне);

2) шипажайлық-курорттық емделу:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге, Қазақстандағы

1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысып, "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпте ақталған қатысушылар ішінен саяси қуғын-сүргін құрбандарына;

жолдама құнының 25%-ын төлеумен жасы бойынша зейнеткерлерге;

жолдама құнының 18%-ын төлеумен еңбек ардагерлеріне, ең төмен мөлшердегі зейнетақы алушылар ішінен жасы бойынша зейнеткерлерге;

2-1) санаторлық-курорттық емдеу шығындарының орнын толтыру:

абилитация мен оңалтудың жеке бағдарламасында жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтері көзделген бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды (жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамдарды қоспағанда) алып жүруші адамдарға;

3) дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге;

4) коммуналдық қызметтерді, тұрғын үйді күтіп ұстауға, телефонға абоненттік төлемдерді төлеуге:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, басқа мемлекеттердің аумақтарындағы соғыс қимылдарының ардагерлеріне, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, теңестірілген ардагерлерге, басқа да адамдарға, Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысып, Қазақстан Республикасының "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Заңында белгіленген тәртіпке сәйкес ақталған тұлғалар ішінен саяси қуғын-сүргін құрбандарына;

5) астананың ресми мерзімді баспасөз басылымдарына жазылуға, моншаларға, шаштараздарға, мәдени ойын-сауық, спорттық іс-шараларға баруға арналған ақшалай төлемдер:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне ұсынылады.

Ескерту. 52-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 10.03.2021 № 13/2-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 06.05.2021 № 36/5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді); 24.11.2021 № 105/15-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2022 № 198/27-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.11.2022 № 268/34-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); Астана қаласы мәслихатының 12.04.2023 № 16/2-VIII (алғашқы ресми

жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

53. Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші әкімшіге өтінішке қоса мына құжаттарды ұсынады:

1) жеке басты куәландыратын құжат;

2) тісті протездеу түрінде әлеуметтік көмек көрсету үшін уәкілетті медициналық ұйым берген тісті протездеу, ауыз қуысын тазалау қажеттілігі жөнінде медициналық қорытынды;

3) шипажайлық-курорттық емделу түрінде әлеуметтік көмек көрсету үшін шипажайлық-курорттық карта;

4) дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету түрінде әлеуметтік көмек көрсету үшін уәкілетті медициналық ұйым берген дәрілік заттарға, медициналық мақсаттағы бұйымдарға, гигиена және күтім көрсету заттарына рецепт;

5) коммуналдық қызметтерді, тұрғын үйді күтіп ұстауға, телефонға абоненттік төлемдерді төлеуге ақшалай төлемдер түрінде әлеуметтік көмек үшін тұрып жатқан тұрғын үйдің шаршы метрін растайтын (техникалық паспортпен құқық белгілейтін құжат) құжаттың көшірмесі (Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін);

6) екінші деңгейдегі банктегі не "Қазпошта" акционерлік қоғамындағы банк шотының нөмірі туралы мәліметтер.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 10.03.2021 № 13/2-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 06.05.2021 № 36/5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді); 24.11.2021 № 105/15-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

53-1. Осы Қағидалардың 52-тармағының 2-1) тармақшасында көрсетілген әлеуметтік көмекті алу үшін өтініш беруші санаторлық-курорттық емдеуден кейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей келесі құжаттарды қоса бере отырып, әкімшіге өтініш ұсынады:

1) жеке басты куәландыратын құжат;

2) шот-фактура немесе фискалды чек;

3) атқарылған жұмыстар актісі;

4) екінші деңгейдегі банктегі немесе "Қазпочта" акционерлік қоғамындағы банктік шоттың нөмірі туралы ақпарат.

Ескерту. 53-1-тармақпен толықтырылды - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 06.05.2021 № 36/5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) шешімімен.

54. Салыстырып тексеру үшін құжаттардың төлнұсқалары ұсынылады, содан кейін құжаттардың төлнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Ескерту. 54-тармақ жана редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 10.03.2021 № 13/2-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

55. Тісті протездеуге (бағалы металдардан жасалған протездерден басқа) әлеуметтік көмек екі жылда бір рет осы Қағиданың 52-тармағы 1) тармақшасында көрсетілген санаттары қатарынан азаматтарға ұсынылады.

56. Тіс протездеуге әлеуметтік көмек шеңберінде медициналық көрсеткіштер болған жағдайда тіс шектерін, пародонт ауруларын емдеуді, медициналық манипуляция жүргізумен (инъекция, рентгенге түсіру және т.б.) тісті жұлуды қамтитын ауыз қуысын протез алды тазалау жүзеге асырылады.

57. Әкімші тіс протездеу бойынша қызмет жеткізушілерімен шарт жасасқан кезден бастап күнтізбелік он күн ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тістерін протездеуге тіркеу жүргізетін орындар мен мерзімдері туралы хабардар етеді.

58. Шипажайлық-курорттық емделуге әлеуметтік көмек осы Қағиданың 52-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген санаттары ішінен азаматтарға жеткізушілер базасында шипажайлық-курорттық емделуден өту үшін бағыттама-жолдамаларды ұсыну арқылы беріледі.

Әкімші осы Қағиданың 52-тармағы 2) тармақшасында көрсетілген санаттары ішінен сексен жасқа толған азаматтарды шипажайлық емделуден өту кезінде ерітіп жүретін адамның тұруына және тамақтануына төлем жүргізеді.

Ескерту. 58-тармаққа өзгеріс енгізілді - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 26.08.2020 № 530/71-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

58-1. Санаторлық-курорттық емделуге арналған шығындарды өтеу түріндегі әлеуметтік көмек осы Қағиданың 52-тармағының 2-1) тармақшасында көрсетілген азаматтардың қатарынан бір адамға, олар санаторлық-курорттық емдеуді ұсынатын ұйымда болған кезеңге нақты шығындар мөлшерінде, бірақ 35 АЕК-тен аспайтын мөлшерде беріледі.

Әкімші өтініш беруші ұсынған құжаттардың негізінде өтініш қабылданған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде санаторлық-курорттық емделу үшін әлеуметтік көмекті ақшалай түрде екінші деңгейдегі банктер арқылы өтініш берушінің жеке шоттарына есептеуді жүргізеді.

Ескерту. 58-1-тармақпен толықтырылды - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 06.05.2021 № 36/5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) ; жана редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 24.11.2021 № 105/15-VII (

алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

59. Шипажайлық-курорттық емделу Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан мамандандырылған мекемелерде жүзеге асырылады.

Санаторий-курорттық емдеуден өту мерзімі күнтізбелік он төрт күнді құрайды.

Шипажайлық-курорттық емделу құқығы күнтізбелік жылға бір реттен артық емес ұсынылады.

Ескерту. 59-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 28.12.2022 № 298/37-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 09.08.2023 № 65/7-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

60. Шипажайлық-курорттық емделу орнына дейінгі және кері қайту жолақысының құны шипажайлық-курорттық емделушінің жеке қаражаты есебінен жүргізіледі.

61. Әкімші келіп түскен өтініштерге сәйкес жеткізуші ұсынған келу кестесіне сәйкес өтініштердің келіп түсуі кезегі тәртібімен әлеуметтік көмекті алуға азаматтардың тізімін жасайды.

Шипажайлық-курорттық емделуден өтініш беруші өз талабы бойынша бас тартқан жағдайда, жолдама әкімшіге қайтарылуы және кезекке сәйкес басқа өтініш берушіге берілуі тиіс.

62. Жолдама дәлелді себептер бойынша пайдаланылмаған жағдайда, шипажайлық-курорттық емделуге құқығы мүмкіндігінше келу кестесіне сәйкес басқа кезеңнің жолдамасына, бірақ ауыстырылуға тиіс жолдамада көрсетілген келу басталғанға дейін үш күннен кешіктірілмей ұсынылуы мүмкін.

63. Жолдаманы алуға келу қажеттілігі жөнінде өтініш берушіге әкімшінің екі рет поштамен жолданған жазбаша хабарламалары бойынша хабарласпаған жағдайда, берілген өтініш бойынша шипажайлық-курорттық емделу ұсынылмайды.

64. Әкімшінің бірінші басшысы (немесе оның орынбасары) қол қойған және мөрмен бекітіліп берілген жолдамада шипажайлық-курорттық емделуге құқылы тұлғаның тегі, аты және әкесінің аты көрсетіледі.

65. Амбулаторлық емделуде дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге әлеуметтік көмек дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, гигиена және күтім көрсету заттарын (бұдан әрі – дәрілік заттар) тегін беруден тұрады және осы Қағиданың 52-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген санаттар қатарынан азаматтарға көрсетіледі.

66. Әкімші осы Қағида шеңберінде дәрілік заттармен қамтамасыз етуге құқығы бар азаматтардың тізімдерін уәкілетті медициналық ұйымға жыл сайын 3 қаңтарға дейін ұсынады және қажет болған жағдайда оны жаңартады.

67. Осы Қағиданың 52-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген санаттарға жататын дәрілік заттарға мұқтаж азаматтар уәкілетті медициналық ұйымға дәрілік заттарға белгіленген үлгідегі рецептті алуға хабарласады.

68. Алып тасталды - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 30.05.2019 № 385/50-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

69. Уәкілетті медициналық ұйым берген дәрілік заттардың рецептері негізінде дәрілік заттарды беру жеткізушілердің дәріханалық мекемелерінде жеке куәлігінің түпнұсқасын ұсынған жағдайда жіберіледі.

70. Коммуналдық қызметтерді, тұрғын үйді ұстауға, телефонға абоненттік төлемдерді төлеуге ақшайлай төлемдер осы Қағиданың 52-тармағы 4) тармақшасында көрсетілген санаттары қатарындағы азаматтарға тағайындалады.

71. Тұрғылықты орны немесе пайдаланатын тұрғын үйдің алаңы өзгерген жағдайда, әлеуметтік көмек алушы ол жөнінде әкімшіні өзгерген кезден бастап он күн ішінде хабардар етуі тиіс. Ақшалай төлемдерді қайта есептеу хабардар етілген айдан бастап жүргізіледі.

72. Ақшалай төлемдер ай сайын мына мөлшерлерде беріледі:

1) абаттандырылған пәтерлерде тіркелген және тұратын, пайдаланатын тұрғын үйдің алаңына байланысты Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне:

35 ш.м-ге дейін – 1 АЕК;

35 ш.м-ден 50 ш.м-ге дейін – 6 АЕК;

50 ш.м-ден 80 ш.м-ге дейін – 7 АЕК;

80 ш.м-ден бастап және одан жоғары – 8 АЕК;

2) жеке тұрғын үйлерде тіркелген және тұратын Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне – 5 АЕК;

3) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлеріне және жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге, Қазақстандағы 1986 жылғы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысып, "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіпке сәйкес ақталған тұлғалар ішінен саяси қуғын-сүргін құрбандарына – 4,5 АЕК;

4) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлері қатарынан басқа да адамдарға – 4,4 АЕК.

Ескерту. 72-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 10.03.2021 № 13/2-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он

күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 24.11.2021 № 105/15-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); Астана қаласы мәслихатының 09.08.2023 № 65/7-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

73. Көрсетілген ақшалай төлемге құқығы бар бірнеше адам бір тұрғылықты мекенжай бойынша тіркелген жағдайда, төлем тек қана біреуіне жүргізіледі.

74. Осы Қағиданың 52-тармағы 5) тармақшасында көрсетілген санаттары қатарынан Астана қаласының ресми мерзімді баспасөз басылымдарына жазылуға, моншаларға, шаштараздарға, мәдени ойын-сауық, спорттық іс-шараларға баруға жылына бір рет 6,5 АЕК көлемінде ақшалай төлем жүзеге асырылады.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 23.11.2022 № 268/34-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

§2. Астана қаласының жоғары оқу орындарында оқу ақысын төлеуге азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 23.11.2022 № 268/34-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

75. Төрт ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын жан басына шаққандағы табысы болған жағдайда қаланың жоғары оқу орындарында күндізгі нысанында оқу ақысын төлеу үшін әлеуметтік көмек қаланың жалпы білім беретін мектептер түлектері қатарынан:

жетім балаларға;

балалар үйлерінің түлектеріне;

бала жасынан мүгедектігі бар адамдарға;

ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

көп балалы отбасының балаларына беріледі (оның ішінде, білім ұйымдарына күндізгі оқу нысанына түскенге дейін ағымдағы жылы үлкен баланың кәмелетке толуына байланысты).

Ескерту. 75-тармаққа өзгерістер енгізілді - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 06.03.2019 № 361/45-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.05.2019 № 385/50-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.11.2022 № 268/34-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

76. Әлеуметтік көмек қаланың тиісті жоғары оқу орнында оқудың нақты құны мөлшерінде және тиісті қаржы жылына қала бюджетінде осы мақсаттарға қарастырылған қаражат шегінде көрсетіледі.

77. Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші әкімшіге төмендегі құжаттарды қоса отырып өтініш ұсынады:

1) жеке басты куәландыратын құжат;
2) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер;
3) ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі (жетім балалар үшін);

4) көп балалы отбасы мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесі (көп балалы отбасылардан шыққан балалар үшін);

5) туу туралы куәліктің көшірмесі (жетім балалар үшін);

6) Астана қаласының орта мектебін бітіргені туралы аттестат;

7) Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы әзірлеген технология бойынша өткізілетін кешенді тестілеу (бұдан әрі – тестілеу) нәтижелері бойынша берілген мемлекеттік сертификат;

8) екінші деңгейдегі банктегі немесе "Қазпочта" акционерлік қоғамындағы банктік шоттың нөмірі туралы ақпарат.

Ескерту. 77-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 06.05.2021 № 36/5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді) ; өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 23.11.2022 № 268/34-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

78. Салыстырып тексеру үшін құжаттардың төлнұсқалары ұсынылады, содан кейін құжаттардың төлнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Ескерту. 78-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 10.03.2021 № 13/2-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

79. Әкімші әлеуметтік көмек алуға үміткерлерден құжаттарды қабылдауы жыл сайын 1 шілдеден 21 тамызға дейін (қоса алғанда) өтеді.

Ескерту. 79-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 24.11.2021 № 105/15-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

80. Білім басқармасы 1 мамырға осы Қағиданың 75-тармағында көрсетілген тұлғалар қатарынан ағымдағы жылы жалпы білім беретін мектептер түлектерінің тізімдерін әкімшіге ұсынады.

81. Әлеуметтік көмек алуға үміткерлерді іріктеу Астана қаласының жоғары оқу орындарында күндізгі нысанда оқу ақысын төлеуге әлеуметтік көмекті

тағайындау жөнінде Астана қаласы әкімдігінің жанында арнайы құрылған комиссиямен тестілеу кезінде ең жоғары алған ұпай саны бойынша осы Қағиданың 75-тармағында көрсетілген санаттардан жүргізіледі.

Ескерту. 81-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 23.11.2022 № 268/34-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

82. Іріктеу осы Қағиданың 75-тармағында келтірілген ретімен көрсетілген санаттардың әрқайсысының шегінде жүргізіледі.

83. Тестілеу кезінде қажетті ең төменгі баллды жинай алмаған жалпы білім беретін мектеп түлектеріне әлеуметтік көмек тағайындалмайды.

83-1. Астана қаласы әкімдігінің жанынан арнайы құрылған Астана қаласының жоғары оқу орындарында күндізгі оқу түріне ақы төлеуге азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау жөніндегі Комиссия алдағы әрбір оқу жылына арналған мамандықтар тізбесін бекітеді.

Ескерту. 5-тарау 83-1-тармақпен толықтырылды - Астана қаласы мәслихатының 28.12.2022 № 298/37-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

84. Әкімші әлеуметтік көмекті тағайындалғаннан кейін қаланың жоғарғы оқу орындарымен және әлеуметтік көмек алушылармен білім беру қызметтерін көрсетуге шарттар (бұдан әрі – шарт) жасасады.

85. Әкімші шартқа қол қойылғаннан кейін он банктік күн ішінде оқуға әлеуметтік көмек алушының дербес есеп шотына ақшалай қаражатты аудару жолымен алғашқы оқу жылына төлемақы жүргізеді.

Оқуға әлеуметтік көмек алушы ақшалай қаражаттар түскеннен кейін үш банктік күн ішінде оқуға төлемақы жүргізеді және әкімшіге төлеу туралы түбіртекті ұсынады.

86. Келесі оқу жылдарына әлеуметтік көмек жыл сайын оқу жылының басында жүргізіледі.

87. Әкімші жоғарғы оқу орнымен бірігіп, әлеуметтік көмек алушының оқуға қабылданған кезінен бастап оның оқуын бақылауды жүзеге асырады.

88. Жоғарғы оқу орнының әкімшілігі үлгерімі төмен болғаны, себепсіз үнемі оқуға қатыспағаны немесе әлеуметтік көмек төлем есептеу және/немесе тоқтату үшін негіз болып табылатын оқу орнының Жарғысына сәйкес басқа да оқу тәртібін бұзғаны жөнінде әкімшіні уақтылы хабардар етуге тиіс.

89. Егер әлеуметтік көмек алушы оқудан шығарылса, жоғарғы оқу орны бес күн ішінде бұйрықтың көшірмесін ұсынып, әкімшіні хабардар етеді.

90. Әлеуметтік көмек алушы жоғарғы оқу орнынан шығарылған жағдайда әкімші әлеуметтік көмек тағайындау үшін көзделген тәртіпте жоғарғы оқу орны әкімшілігінің ұсынысы бойынша оқудан шығарылған студенттің орнына осы

Қағиданың 75-тармағында көрсетілген тұлғалар қатарынан бейінді мамандық бойынша осындай жоғарғы оқу орнының басқа студентімен ауыстырады.

Бейінді мамандық шегінде ауыстыру үшін үміткер болмаған жағдайда, жоғарғы оқу орнының әкімшілігі басқа мамандық бойынша студентті ұсынады, осындай үміткерлер болмаған жағдайда, басқа жоғарғы оқу орнының осы Қағиданың 75-тармағында көрсетілген тұлғалар қатарынан студентіне ауысады.

Аталған жоғарғы оқу орнында үміткер болмаған жағдайда әкімші қаланың басқа жоғары оқу орындарынан ауыстыру үшін үміткерді сұрастырады.

Ескерту. 90-тармаққа өзгеріс енгізілді - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 06.03.2019 № 361/45-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

91. Оқудан шығарылған студенттің орнын ауыстыру туралы ұсыныс болмаған жағдайда, жоғарғы оқу орны оқу шығындарын шегеру есебімен Астана қаласының бюджетіне төленген қаражатты қайтаруды жүргізеді.

Ескерту. 91-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 23.11.2022 № 268/34-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

92. Жоғарғы оқу орнынан шығарылған жағдайда оқуға төленген сомалар әлеуметтік көмек алушыдан өндірілмейді.

93. Денсаулығына байланысты академиялық демалысқа шыққан әлеуметтік көмек алушы қайтадан оралғаннан кейін одан әрі әлеуметтік көмек алуына болады.

94. Жоғарғы оқу орнын бітірген соң және тиісті үлгідегі дипломды алғаннан кейін оқуға әлеуметтік көмек алушы он күн мерзім ішінде ол туралы әкімшіні хабардар етеді.

"§ 3. Азаматтардың жекелеген санаттарына қатты отынды сатып алуға және тұрғын үйді газдандыруға әлеуметтік көмек

Ескерту. 3 параграфтың атауы жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 26.08.2020 № 530/71-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

95. Қатты отынды сатып алуға әлеуметтік көмек төрт ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын жан басына шаққандағы табысы болған және оларда және отбасы мүшелерінде басқа тұрғын үйі болмаған жағдайда, жергілікті (пештік) жылытатын жеке тұрғын үйде тұратын, оның жеке меншік иесі (жалға алушысы) немесе жеке меншік иесінің отбасы мүшелері (жалға алушысы) болып табылатын жасы бойынша зейнеткерлерге, мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар

балаларға, әлеуметтік мәні бар аурулары бар адамдарға, көп балалы аналарға және көп балалы отбасыларға, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, балалар үйлерінің түлектеріне жүргізіледі.

Ескерту. 95-тармақ жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 28.12.2022 № 298/37-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

96. Өтемақы жылыту маусымына 16 АЕК көлемінде жүргізіледі.

Ескерту. 96-тармаққа өзгеріс енгізілді - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 30.05.2019 № 385/50-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

97. Қатты отынды сатып алуға өтемақы алуға құқығы бар бірнеше адам бір жеке меншік тұрғын үйде тұрған жағдайда, өтемақы тек біреуіне ғана беріледі.

98. Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші жылыту маусымы кезеңінде әкімшіге мына құжаттарды қосып өтініш ұсынады:

- 1) жеке басты куәландыратын құжат;
- 2) газ құбырын орнату және жүргізуге байланысты өтініш берушінің нақты шығындарын растайтын акт және/немесе құжат (чектердің, түбіртектердің көшірмелері, қызметтерді көрсетуге арналған шарт және т.б.);
- 3) адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер;
- 4) мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесі (зейнетақы куәлігі, мүгедектігі туралы анықтама, балалардың туу туралы куәліктері, жергілікті атқарушы органның қаулысы не бұйрығы);
- 5) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығының болмауы (болуы) туралы анықтама.
- 6) тұрғын үйді пайдалану құқығын растайтын құжат – жалға алушылар үшін;
- 7) екінші деңгейдегі банктегі не "Қазпошта" акционерлік қоғамындағы банк шотының нөмірі туралы мәліметтер.

Ескерту. 98-тармақ жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 10.03.2021 № 13/2-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 06.05.2021 № 36/5-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді); 28.12.2022 № 298/37-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

99. Құжаттардың түпнұсқалары және көшірмелері салыстыру үшін ұсынылады, одан кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

99-1. Тұрғын үйді газдандыруға біржолғы әлеуметтік көмек төрт ең төмен күнкөріс деңгейінен аспайтын жан басына шаққандағы табысы болған және оларда және отбасы мүшелерінде басқа тұрғын үйі болмаған жағдайда, Астана қаласы газдандыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес газдандыруға

жататын жергілікті жеке тұрғын үйде тұратын, оның жеке меншік иесі немесе жеке меншік иесінің отбасы мүшелері болып табылатын жасы бойынша зейнеткерлерге, мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларға, көп балалы аналарға және көп балалы отбасыларға, жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, балалар үйлерінің түлектеріне жүргізіледі.

Ескерту. Қағида 99-1-тармақпен толықтырылды - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 26.08.2020 № 530/71-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Астана қаласы мәслихатының 28.12.2022 № 298/37-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

99-2. Әлеуметтік көмектің көлемі 130 АЕК аспайтын газ құбырын орнатуға және жүргізуге байланысты өтініш берушінің нақты шығындарының негізінде анықталады.

Ескерту. Қағида 99-2-тармақпен толықтырылды - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 26.08.2020 № 530/71-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 16.03.2022 № 145/22-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

99-3. Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші әкімшіге Қағиданың 98-тармағында көзделген құжаттарды қосып өтініш ұсынады.

Ескерту. Қағида 99-3-тармақпен толықтырылды - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 26.08.2020 № 530/71-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Астана қаласының
әлеуметтік көмек көрсету,
оның мөлшерлерін белгілеу
және мұқтаж азаматтардың
жекелеген санаттарының
тізбесін айқындау қағидаларына
1-қосымша

**Өмірде қиын жағдайдың туындауына байланысты адамның (отбасының)
мұқтаждығын айқындауға арналған тексеру
АКТІСІ**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 10.03.2021 № 13/2-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - Астана қаласы мәслихатының 23.11.2022 № 268/34-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.04.2023 № 16/2-VIII

(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

20 жылғы " "

(елді мекен)

1. Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

2. Тұратын мекенжайы _____

3. Орын алуына байланысты өтініш беруші әлеуметтік көмекке өтініш берген өмірдегі қиын жағдай _____

4. Отбасы құрамы (отбасында нақты тұратындар есептеледі) _____ адам, оның ішінде:

| Р/с № | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | Туған күні | Өтініш берушіге туыстық қатынасы | Жұмыспен қамтылуы (жұмыс, оқу орны) | Жұмыспен қамтылмау себебі | Қоғамдық жұмыстарға қатысуы, кәсіптік даярлығы (қайта даярлау, біліктілігін арттыру) немесе жұмыспен қамтудың белсенді шараларына қатысуы туралы мәліметтер | Өмірдегі қиын жағдай |
|-------|-------------------------------------|------------|----------------------------------|-------------------------------------|---------------------------|---|----------------------|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |

Еңбекке жарамды барлығы _____ адам.

Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелгендері _____ адам.

Балалардың саны: _____, олардың ішінен жоғары және орта оқу орындарында ақылы негізде оқитындар _____ адам, оқу құны жылына _____ теңге.

Отбасында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген адамдардың, басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдары ардагерлерінің, зейнеткерлердің, 80 жастан асқан қарт адамдардың, әлеуметтік маңызы бар аурулары бар адамдардың, мүгедектігі бар адамдардың, мүгедектігі бар балалардың болуы (көрсету немесе өзге санатты қосу қажет)

5. Тұрмыс жағдайы (жатақхана, жалға алынған, жекешелендірілген тұрғын үй, қызметтік тұрғын үй, тұрғын үй кооперативі, жеке тұрғын үй немесе өзге көрсету қажет):

Тұрғын үйді ұстауға арналған шығыстар:

Отбасының табысы:

| P/c № | Табысы бар отбасы мүшелерінің (оның ішінде өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | Табыс түрі | Өткен тоқсандағы табыс сомасы (теңге) | | Жеке қосалқы шаруашылық (ауладағы учаске, малы және құсы), саяжай және жер учаскесі (жер үлесі) туралы мәліметтер |
|-------|---|------------|---------------------------------------|--------------------|---|
| | | | тоқсанға | орта есеппен айына | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |

6. Мыналардың:

автокөлігінің болуы (маркасы, шығарылған жылы, құқық беретін құжат, оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)

қазіргі уақытта өздері тұрып жатқаннан бөлек өзге тұрғын үйінің болуы (оны пайдаланғаннан түскен мәлімделген табыс)

7. Бұрын алған көмегі туралы мәліметтер (нысаны, сомасы, көзі):

8. Отбасының өзге де табыстары (нысаны, сомасы, көзі):

9. Балалардың мектеп керек-жарағымен, киіммен, аяқ киіммен қамтамасыз етілуі:

10. Тұратын жерінің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайы:

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

(қолдары) (тегі, аты, әкесінің аты)

Жасалған актімен таныстым: _____

Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы

Тексеру жүргізілуден бас тартқан _____

Өтініш берушінің (немесе отбасы мүшелерінің бірінің) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолы

(өтініш беруші тексеру жүргізуден бас тартқан жағдайда толтырылады)

Күні _____

Астана қаласының әлеуметтік
көмек көрсету, оның
мөлшерлерін белгілеу және
мұқтаж азаматтардың жекелеген
санаттарының тізбесін
айқындау қағидаларына
2-қосымша

Учаскелік комиссияның № _____ қорытындысы

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 30.05.2019 № 385/50-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.11.2022 № 268/34-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.04.2023 № 16/2-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

20____ жылғы " __ " _____

Учаскелік комиссия Астана қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының

тізбесін айқындау қағидаларына сәйкес өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек алуға өтініш берген адамның (отбасының)

(өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды қарап, ұсынылған құжаттар және өтініш берушінің (отбасының) материалдық жағдайын тексеру нәтижелерінің негізінде

(қажеттілігі, қажеттіліктің жоқтығы) адамға (отбасыға) өмірлік қиын жағдайдың туындауына байланысты әлеуметтік көмек ұсыну туралы қорытынды шығарады.

Комиссия төрағасы:

Комиссия мүшелері:

(қолдары) (Т.А.Ә.)

Қорытынды қоса берілген құжаттармен ___ данада 20__ жылғы "___" ___ кабылданды

Құжаттарды қабылдаған уәкілетті органның Т.А.Ә., лауазымы, қолы

Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларына 3-қосымша

Өтініш берушінің отбасы құрамы туралы мәліметтер

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды - Астана қаласы мәслихатының 12.04.2023 № 16/2-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген

Амбулаторлық емделу кезінде Нұр-Сұлтан қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарын тегін қамтамасыз ету үшін дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың, гигиена және күтім көрсету заттарының тізбесі

Ескерту. 4-қосымша алып тасталды - Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 30.05.2019 № 385/50-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Астана қаласы мәслихатының
2017 жылғы 12 желтоқсандағы
№221/25-VI шешіміне
2-қосымша

Астана қаласы мәслихатының кейбір күші жойылған шешімдерінің тізбесі

1. Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 250/36-V " Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 822 болып тіркелді, 2014 жылғы 23 шілдеде "Астана ақшамы", "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланды).

2. Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 290/41-V " Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы туралы" Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 250/36-V шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 845 болып тіркелді, 2014 жылғы 25 қазанда "Астана ақшамы", "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланды).

3. Астана қаласы мәслихатының 2015 жылғы 17 шілдедегі № 399/55-V " Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы туралы" Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 250/36-V шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 933-1 болып тіркелді, 2015 жылғы 29 тамызда "Астана ақшамы", "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланды).

4. Астана қаласы мәслихатының 2016 жылғы 24 маусымдағы № 34/7-VI " Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және

мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы туралы" Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 250/36-V шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1039 болып тіркелді, 2016 жылғы 23 шілдеде "Астана ақшамы", "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланды).

5. Астана қаласы мәслихатының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 85/13-VI "Астана қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы туралы" Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 27 маусымдағы № 250/36-V шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1086 болып тіркелді, 2016 жылғы 29 желтоқсанда "Астана ақшамы", "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланды).